Туған тіл. Еларалық қоғамдық-саяси, әдеби-ғылыми альманах кітабына «Ұлт ұстазының Қызылорда кезеңі» атты авторлық мақаласы жарық көрді.

<https://www.facebook.com/share/p/X2jH6P3XRFWoaMuC/?mibextid=xfxF2i>

Қызылорда облыстық оқу орталығы (әдістемелік кабинеті) ұйымдастыруымен «Үздіктен үйрен» жобасы аясында Білім берудегі өзгерістің 1000 көшбасшысы кадрлық резервтері, республикалық кәсіби байқау жеңімпаздары, «Үздік педагог» жүлдегерлері және педагог-шеберлердің іс-тәжірибесін насихаттау мақсатында облыстық семинар өткізілді. Семинар барысында Қызылорда облыстық білім басқармасының басшысы Асқарбек Темірбекұлы Есжанов аймағымыздағы үздік педагогтармен кездесті.

<https://www.facebook.com/share/p/Ja33PhxZW4B9UxV3/?mibextid=xfxF2i>

ҰЛТ ҰСТАЗЫ МЕКТЕБІНІҢ ҮЗДІК МҰҒАЛІМІ

Қызылорда облыстық оқу орталығы (әдістемелік кабинет) ұйымдастыруымен өткен «ҮЗДІК ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ ПӘНІНІҢ МҰҒАЛІМІ - 2024» облыстық байқауынан әріптесіміз

АҚГҮЛ МАХМҰТҚЫЗЫ ЖҮЛДЕЛІ ІІ ОРЫНДЫ ИЕЛЕНДІ.

«Сабақ – мұғалімнің шығармашылық алаңы» ашық сабақ және «Сөз шебері» ұсынылған тақырыптардың бірін таңдап сөз сөйлеу кезеңдерінде жаңашылдыққа жаны құмар Ақгүлдің сапалы білім, мазмұнды дүние, тың идеяларды жарыққа шығаратын жан-жақты ізденімпаздығының шыңы бүгін өз жемісін берді десек болады.

<https://www.facebook.com/share/p/SwDbPRtZABjT7T9Z/?mibextid=xfxF2i>

Мұғалімнің кәсіби деңгейінің үнемі жетілдірілуі, еңбегінің жоғарылауы, оның педагогика ғылымдарының қазіргі жетістіктерін қаншалықты меңгергеніне байланысты болмақ. Мектепшілік семинарда бастауыш сынып мұғалімі Тулебаева Арайлым «Заманауи мұғалімнің цифрлық құралдары» тақырыбында, ағылшын тілі пәнінің мұғалімі Қалмырзаева Жанигүл «Мұғалімдерге платформалық лайфхагтар» тақырыбында, информатика пәнінің мұғалімі Куланова Айнұр «Жаңа инновациялық әдіс-тәсілдерді меңгерту жүйесі» тақырыбында, қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Абасилова Айман «Авторлық бағдарлама жазудың талаптары мен әдістемесі» тақырыбында сөз сөйледі.

“Білім – біліктілікке жеткізер баспалдақ, ал біліктілік – сол білімді іске асыра білу дағдысы”, – деп Ахмет Байтұрсынұлы айтқандай, білімі мықты, білігі жоғары жаңашыл ұстаздар – заман талабы.

<https://www.facebook.com/share/p/ho8HDpfphim69KKY/?mibextid=xfxF2i>

"Шебердің қолы алтын" -дейді дана халқымыз. Халқымыздың мәдениеті мен өнерін паш ететін құндылық ол қолөнер. Сол құндылықтарды жас ұрпақтардың бойына егіп те, үйреніп те жүрген ұлағатты ұстаз, технология пәнінің мұғалімі Дәрігүл Танатарова.

2023 жылдың жаз айында да шебер- ұстаз Қырғыз елінің астанасында Шеберлер-Семпозиумына қатысып өз тәжірибесімен бөлісіп қайтты. "Ізденген жетер мұратқа"- дегендей 2023-2024 оқу жылының алғашқы айларыда, Дәрігүл ұстаз үшін табысты болды. Атап айтсақ:

- жалпы білім беретін республикалық "Дарын" ғылыми жобалар конкурсының облыстық кезеңінде 9"В" сынып оқушысы Рахмузова Гүлім 2 ші орын иеленсе, -"Зерде" республикалық ғылыми жобалар конкурсының қалалық кезеңінен "Технология және өнер"- секциясы бойынша 6"А"сынып оқушысы Жандосқызы Ақбота жүлделі 2ші орын алды.

- "Алтын пышақ қын түбінде жатпас"- дегендей білікті, шебер, ұстаздың еңбегі ескеріліп, облыс орталығының 85 жылдығы аясында ашылған "Анаға тағзым" орталығында, 2023 жылы 28 қараша күні өтілген керемет іс-шара Республикалық "Аналар" форумында Дәрігүл ұстаз өз қолынан шыққан құнды көрмесімен бөлісті.

-12 желтоқсан күні Облыстық Қоғам ТВ телеарнасының ұйымдастыруымен "Рауан" ақпараттық-сазды бағдарламасына қонақ болып, тілшілермен сұхбаттасып, қолөнер-мол өнер туралы ой-пікірлерімен бөлісті. Осы еңбектері ескеріліп, Қызылорда облысы Әкімінің Алғыс хатымен, Қызылорда Қалалық Білім Бөлімінің ҚББ "Құрмет" грамотасымен марапатталды.

"Ұрпақтан-ұрпаққа жеткен қолөнерді қадірлеу, оны дамыту, келер ұрпаққа қалдыру біздің басты міндетіміз"-дейді шебер-ұстаз.

<https://www.facebook.com/share/p/U627BfFm1B7bNJo1/?mibextid=xfxF2i>

26.05.2022 күні "Akhmet - Teacher of Nation" атты республикалық телекөпір шарасы өткізілді.

Бұл іс-шара ұлы ғалым, филолог А.Байтұрсынұлының 150 жылдық мерейтойына орай ұйымдастырылды. Телекөпір мақсаты - еліміздегі ғылым саласы

майталмандарын мектебіміздің түлектерімен байланыстыра отырып, жас ұрпақ бойына ғалым еңбегінің маңызын ұқтыру болды.

Торғай өңірлік мұражайлар кешенінің басшысы Гүлбану Құлетқызының Ұлт ұстазының өміріндегі бізге беймәлім тұстарынан мағлұмат бере отырып, тұтынған, қолданған заттарын, үйін видео көрсетілім арқылы танысуға мүмкіндік жасады.

Қостанай өңірлік А.Байтұрсынов атындағы университетінің жауапты хатшысы Тахиров Орал Мұхтарұлы ғалым атындағы білім ошағының тарихымен таныстырып өтті. Бұл телекөпір оқушыларымызға тәлімі мен тағылымы мол шара болды.

<https://www.facebook.com/share/v/Wt2NnyTaahUjJX3e/?mibextid=xfxF2i>

Кәсіби байқау жеңімпаздары (үздік мұғалімдер)

Қызылорда облыстық оқу орталығы (әдістемелік кабинеті) ұйымдастыруымен «Үздіктен үйрен» жобасы аясында Білім берудегі өзгерістің 1000 көшбасшысы кадрлық резервтері, республикалық кәсіби байқау жеңімпаздары, «Үздік педагог» жүлдегерлері және педагог-шеберлердің іс-тәжірибесін насихаттау мақсатында облыстық семинар өткізілді. Семинар барысында Қызылорда облыстық білім басқармасының басшысы Асқарбек Темірбекұлы Есжанов аймағымыздағы үздік педагогтармен кездесті.

https://www.facebook.com/permalink.php?story_fbid=pfbid0BTuiXusGyeBuATV1U6s41mRTyq33kp1SFcz2MXBuGmzpA1g852cd6uRAtZKBzyp5l&id=100033218924893

"ТІЛ БІЛІМІ" МЕКТЕБІНІҢ МЕРЕЙІН ӨСІРГЕН "ҮЗДІК МҰҒАЛІМ"
Мектебіміздің білікті мұғалімі Тұрсынбай Ақгүл Махмұтқызы “ҮЗДІК ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ МҰҒАЛІМІ - 2024” облыстық байқауының қалалық кезеңінде жүзден жүйрік атанып, I орынды жеңіп алды.

Алғашқы кезеңде: креативке толы мазмұнды сабақ өтіп; озық тәжірибесімен оқушылардың тілін тауып қазылар алқасын таңдай қақтырды.

Екінші кезеңде:

Ұсынылған тақырып төңірегінде ой өрбітіп, көркем тілімен оқ бойы оза шапты. Қаламыздағы "Ең үздік қазақ тілі мен әдебиеті пәні" мұғалімі атанған Ақгүлді жеңісімен құттықтай отырып, алдағы облыстық кезеңде бағы мен бабы келіскен тұлпардай жеңіс тұғырынан көрінуін тілейміз.

<https://www.facebook.com/share/p/6mMo93APkJ4RuBxb/?mibextid=xfxF2i>

<https://www.facebook.com/share/p/7KMyH7XE5njkodp2/?mibextid=xfxF2i>

Оқушыларға кәсіби бағыт- бағдар беру

КӘСІБИ БАҒДАР - ОҚУШЫ БАҒДАРШАМЫ

Мамандықты дұрыс таңдауға бағыт беру - басты мақсатымыз.

КӘСІБИ БАҒДАР БЕРУ ШАРАСЫНДА мектеп бітіруші түлектермен тағы бір терең талданып, сараланған дүниелер:

Білімнің басты үш міндеті;

Кәсіптік, моральдық және психологиялық сананың қалыптасуы;

Адамның белгілі бір әрекетке бейімделуіне негіз болатын факторлар;
Білім, дағды факторлары;
Мамандық ерекшеліктері;
Мамандық таңдаудағы сауаттылық;
Мамандықтардың болашақ кәсіби айқындалуларында тигізетін әсері.
Кәсіби бағдар беру шарасын жапон жазушысы, аудармашы Харуки Муракамидің «Қаламаған мамандықпен айналысамын деп бекерге жаныңды қинаудың қажеті жоқ. Мамандықты да құрғақ есеппен емес, махаббатпен іске асырған жөн ...» - деген сөзімен аяқтап, шәкірттеріміздің кәсіби құзіретті маман болып қалыптасуына дұрыс бағдар берудегі мақсатымызды межеледік.
<https://www.facebook.com/share/v/uNyPcNZneRWV6FkG/?mibextid=xfxF2i>

«Театр» жобасы аясындағы жұмыстар

«Мәшһүр Жүсіп әлемі» тарихи шежіре сағаты
Ұлт ойшылы Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының саналы ғұмырында артына қалдырған сан қырлы ғылыми еңбектері туралы кеңінен насихаттау және халқы үшін жасаған игі істерін мақтан ету мақсатында тарихи шежіре сағаты өткізілді. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының өмір тарихымен шығармашылығымен саяхаттарымен зерттеулерімен танысып, қазақ халқының мәдени мол мұрасы мен ұлттық болмысын тани түсті.

<https://www.facebook.com/share/v/dR7C7FaPvk5AJPWQ/?mibextid=xfxF2i>

Ғасырлар бойы қазақтың ұлттық киімі қарапайымдылығымен және ұтымдылығымен ерекшеленіп келді, тіпті заманауи сән талғамы да оның маңызын кеміте алмақ емес.

Ұлттық киім үлгісінде пайдаланылатын былғары, жүн, киіз, мата сияқты табиғи материалдар адамға жылулық пен жайлылық сыйлаумен қатар, киім иесінің атақ-дәрежесін, байлығын көрсететін.

Қазіргі заманғы ұлттық киім ұлттық мінез пен ұлт бірлігін айшықтай отырып, ел мәдениеті мен тарихының ажырамас бөлігіне айналды. Ол жай ғана киім емес, бүтін ұлттың бет-бедерін айқындар ұлан-ғайыр тарих.

Дәстүрімізге сай, атадан-балаға мирас болып келе жатқан ұлттық киімдерді ұлықтау мақсатында мектеп ұстаздары мен оқушылар «Ұлттық киімнің» үлгілерін көрсетті.

<https://www.facebook.com/share/p/BqFLLRrYPhHQHqTu/?mibextid=xfxF2i>

Оқуға құштар мектеп жобасы

Оқушылардың кітап оқуға деген қызығушылықтарын, кітап оқуға ынтасын арттыру сонымен қатар көпшілік алдында өз ойын еркін жеткізуге, тіл байлығын арттыруға ықпал ету мақсатында «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында «Менің сүйікті кітабым» атты республикалық челленджі бойынша Шерхан Мұртазаның «Ай мен Айша» шығармасын оқып өз үлестерін қосуға шақырамыз.

Шерхан Мұртазаның шоқтығы биік туындыларының бірі — «Ай мен Айша» романы. Шығармадағы ананың кешкен күнінен сол заманғы қасіретті, қиындықты, әділетсіздікті көресіз. Көре отыра бір-бірін көре алмайтын аз-ақ қана қазақтың осы бір керітартпа қасиетіне нағлет айтасыз. Сол заманғы тұрмысты Айшаның күнделікті күйбелең тірлігі арқылы-ақ оқырманға жеткізе білген.

<https://www.facebook.com/share/p/dMAXrjPx1zyi7Qx5/?mibextid=xfxF2i>

Ғұламалардан ғибрат: Адам дүниеге тек келіп, әшейін ғана аттана бермейді.

Ол артында ой қалдырады, ойдан мұра қалдырады. Б. Бұлқышев

"Ақыл деген - өлшеусіз бір жарық нұр" Ш. Құдайбердіұлы

Ұлы тұлғалардың тағлымдары мен ойталғамдары бізге келешекке қанат бітірердей әсер береді. "Тарихын білмеген, түбін білмес" деген қанатты сөзді санамызға сіңіріп өсіп келеміз

<https://www.facebook.com/share/v/ERjpYTBrxUMzR2ry/?mibextid=xfxF2i>

Кітап-ақылына ақы сұрамайтын ең құнды қазына;

Кітап – рухани сарқылмас қазына;

Кітап-білімнің қайнар бұлағы;

Кітап-адамзаттың баға жетпес құндылығы.

<https://www.facebook.com/share/v/y6WiPvmcsdQf3d93/?mibextid=xfxF2i>

“Оқуға құштар мектеп” жобасы аясында 6"Ә" сынып оқушысы Ермекбай Кәусар “Менің сүйікті кітабым” атты республикалық челленджінде бекітілген Ш.Мұртазаның

“Ай мен Айша” көркем шығармасын оқыды.

Шығармада сол уақтағы жігерлі қазақ әйелінің болмысы, замана жүрекке салған жарасынан ерте есейген баланың өр мінезі туралы баяндалады.

<https://www.facebook.com/share/v/4wSa2ML62XEvimWA/?mibextid=xfxF2i>

Табысқа жетудің бір ғана жолы - кітап оқу

Жақсы кітап -жан азығы

Кітапты жылдам оқудың пайдасы көп

Ең алдымен, бұл мидың жұмысын жақсартады;

Екіншіден, миға жасалған жаттығу іспетті;

Үшіншіден, кітап оқу адамның көкжиегін кеңейтеді, ой-танымын арттырады;

Төртіншіден, бос уақытыңды өлтірме, кітап оқы. Бұл да болса мидың тынығуына алып келеді.

Осы орайда "Оқуға құштар мектеп" жобасы аясында бастауыш сыныптарда оқушылардың ойлау дағдыларын қалыптастыру, шапшаңдыққа, сауаттылыққа тәрбиелеу мақсатында "Тез ұғынып, жылдам оқы" тақырыбында танымдық сағат өткізілді.

https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid0wGFUJX9tBB4bBe4xYWLv9NdA87mSrg2mEpc1iR5sjcCmhaPz3WKgB4V7JBgxEjobl&id=100033218924893&mibextid=VhDh1V

«Ел үміті жобасының» Елбасы медалінің қола медаль иегерлері

1.10- сынып оқушымы Бердібаева Нуризат Жайлауқызы - «Елбасы медалі» жобасының қола медаль иегері

«ТІЛ БІЛІМІ МЕКТЕБІ » ЖОБАСЫ

Ақымет Байтұрсынұлы.

Қазақ үшін қасиетті есім.

Ол өз ұлтының бағы жану үшін өмірдің барлық саласына араласты. Бұған оның атақ-даңқы дәлел.

<https://www.facebook.com/share/v/6HbcELwY7D2uyPg1/?mibextid=xfxF2i>

"ТІЛ БІЛІМІ МЕКТЕБІНІҢ" алғашқы бастамасы Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің "Қазақ тілі мен әдебиеті және журналистика БББ-ның" қауымдастырылған профессоры, филология ғылымдарының кандидаты Абасилов Аман Маделханұлымен кездесумен басталды.

Кездесу барысында:

-Мектеп оқушыларын шебер сөйлеу мен сауатты жазуға үйрету;

-Тілді тиімді меңгертудің негізгі төрт дағдысы;

-Қазақ тілі мен әдебиеті пәні бойынша емтихандарға дайындық;

-"Qaztest" қазақ тілін меңгеру деңгейі кеңінен талданды.

"ТІЛ БІЛІМІ МЕКТЕБІ" ЖОБАСЫ АЯСЫНДА іске асырылатын әрбір зертхананың маңыздылығы, жоба аясында жасалатын бағдарламаның *тиімділігі жөнінде ой бөлісті.

*Айтылым әрекеті зертханасы

*Академиялық жазылым зертханасы

*Грамматикалық өнер зертханасы

*Оқу сауаттылығы зертханасы

*Тыңдалым дағдысы зертханасы

*Ақыметтану зертханасы аясында жүргізілетін жұмыстардың мақсаты айқындалып, қадамы жасалды.

<https://www.facebook.com/share/p/V2RhCQ7S8eoHqYpg/?mibextid=xfxF2i>

Академиялық жазылым: Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің «Қазақ тілі мен әдебиеті және журналистика» ББМ-ның филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессоры Абасилов Аман Мәделханұлы "Академиялық жазылым" курсы бойынша дәріс оқыды.

Мектептегі эссе жазу алгоритмі:

Бітіруші түлектер үшін жазу эссесі;

Жалпы сабақ барысында жазылатын академиялық эссе;

Аттестацияға баратын мұғалімдер үшін жазылатын эссе туралы кеңінен түсіндірілді.

Дәріске қатысушыларға республикалық Мемлекеттік тілдерді дамыту орталығының арнайы "Академиялық жазылым курсының тыңдаушысы" СЕРТИФИКАТЫ табысталды.

<https://www.facebook.com/share/p/P816B5jxuWr9vVM9/?mibextid=xfxF2i>

"НҰРЛЫ СӨЗ" айдары

Тілдің табиғатын айқын сезініп, синонимдерді таңдап, талғап пайдаланып, сөйлем ішінде дұрыс қолданудың күнделікті қарым-қатынаста айрықша маңызы бар.

Кімде-кім таңмен таласып ерте тұрса, сол күнгі рыздық-несібесін молынан жинап алады деген сөз бар.

Осы орайда дана халқымыздың "Ерте тұрған еркектің ырысы артық" деген аталы сөзі еріксіз ойға оралады.

" Ризық " сөзінің синонимдері: ризық , несібе, нәсіп, ырыс, салым, нәпақа, рыздық, рызык.

<https://www.facebook.com/share/v/H1ztXojnSAF2teeG/?mibextid=xfxF2i>

Мектеп – білім ордасы.

Осында білім алып, жарқын келешегіміздің іргетасын қалаймыз.

Әр адамның өмірінде мектептің алар орны ерекше.

Адамзаттың бәрі мектеп қабырғасында болып, осында өз өмірін қалыптастыра бастайды.

Мектеп – мейірім ошағы

Мектеп – үлкен өмірге жасаған алғашқы қадам.

<https://www.facebook.com/share/v/pwEHNxLqFBRq4wCF/?mibextid=xfxF2i>

<https://www.facebook.com/share/p/7KMyH7XE5njkodp2/?mibextid=xfxF2i>

А.Байтұрсынов атамиздың "МАСА" жинағы аясында түсірілген жаңа бейнеролигіміз жол тартты.

"Бір басында сан-салалы өнер тоғысқан,

телегей-теңіз энциклопедиялық білім иесі,

қайшылығы мол тартысты ғұмырында қараңғы қалың елін жарқын болашаққа сүйреуден басқа бақыт бар деп білмеген ірі тұлға,

халықтың "РУХАНИ КӨСЕМІ",- деп М.Әуезов атамиз қалай тауып айтқан...

Бүгінгі жас ұрпақ - Қазақстанымыздың жаңа бейнесі, ертеңгі ел тізгінін ұстар тұлғасы.

Жас күш, жас толқын болып толқып, ана тілінде сайрап, өзге тілді меңгеру арқылы болашақ елдің кемел келешегін биіктерден көруге үлес қосайық, саналы ұрпақ!

https://www.facebook.com/permalink.php?story_fbid=pfbid08G2xSCwvxjT2q2tZAuKhan8yEXmM7bTnECF1dp2wqmPiRtTvjpbbh2JDoD1JN6aqqol&id=100033218924893

"ТІЛ БІЛІМІ МЕКТЕБІ" ЖОБАСЫ АЯСЫНДА іске асырылатын әрбір

"НҰРЛЫ СӨЗ" айдары: "Ықылас " сөзінің синонимдері: Ықылас, ынта, зейін, талап, пейіл, көңіл, зауық, ілтипат, іждағат, ниет, мезірет.

<https://www.facebook.com/share/v/yMpmYU923UXn616B/?mibextid=xfxF2i>

"НҰРЛЫ СӨЗ" айдары: Тілдегі синонимдер - сөз қорының асыл қазынасы. Қазақ халқы көрші ақысын жете түсінген. «Көрші ақысы – Тәңір ақысы» деп қоңсылықты ерекше қадірлеген. Жан-жағында тіршілік етіп жатқан жандармен әрдайым тату тұрған.

"Көрші" сөзінің синонимдері: көрші, сыбай, қоңсы, ауыл-үй, көрші-қолаң, қоңсы-қолаң, көрші-көлем, хошына

<https://www.facebook.com/share/v/czLpTQKgCK7ru6e2/?mibextid=xfxF2i>

ҚАЗАҚ ҮШІН ҚАСИЕТТІ ЕСІМ

Құрметті, оқырман, тыңдарман, көрермен қауым!

Сіздерге А.Байтұрсынов атамыздың "МАСА" жинағы аясында түсірілген жаңа бейнеролигіміз жол тартты.

Оқырманға ой салар

Ертеңімізге үміт отын жағар

Жүзімізге нұр берер

Қалың ұйқыдан оятар

бұл бейнероликтің берері мол деуге әбден болады

<https://www.facebook.com/share/v/yWchMy1fkFteEpDA/?mibextid=xfxF2i>

"НҰРЛЫ СӨЗ" айдары

Қазақ тілі синоним сөздерге аса бай екенін тілімізді зерттеушілердің барлығы айтып та, жазып та келеді.

Сіз "кішкентай" сөзінің 33 синонимдік қатары бар екенін білесіз бе?

"Кішкентай" сөзінің синонимдері: кіп-кішкентай, жұдырықтай, титтей, қаршадай, кішкене, бармайқтай, биттей, құйттай, құйтымдай, құртымдай, құйтақандай, құртақандай, құрттай, қылаудай, қылдай, қылдырықтай, митімдей, қарашықтай, титімдей, оймақтай, зәредей, сіркедей, тырнақтай, тинақтай, тинімдей, тілдей, шынашақтай, шынтақтай, шүкейттей, шүйкімдей, шүйкедей, тұянадай

<https://www.facebook.com/share/v/uqJCs5Z8wZ9jMjhq/?mibextid=xfxF2i>

ҚАЗАҚ ҮШІН ҚАСИЕТТІ ЕСІМ

А.Байтұрсынұлы өзінің көптеген кітаптарында аты-жөнін «Байтұрсынұлы Ақымет» деп жазып келді.

«Х» дыбысын ғалым 1924 жылдан кейін төте жазудан алып тастады да, шеттен енген «х» дыбысындағы сөздерді түгелдей қазақтың төл «қ» дыбысы арқылы таңбалайды. «Хан», «хат», «халық», «Ахмет», «рахмет», т.б. сөздер түгелдей «қан», «қат», «қалық», «Ақымет», «рақымет», т.б. болып жазылды.

Ғалымның мұнысы ана тілімізді жат сөздердің шұбарлауынан сақтану үшін жасаған ұлы тәуекелдерінің бірі еді.

<https://www.facebook.com/share/v/3pxwLgbxe7FwFwhq/?mibextid=xfxF2i>

ҚУАТЫ КҮШТІ НҰРЛЫ СӨЗ

"ТІЛ БІЛІМІ МЕКТЕБІ" парақшасының оқырмандары, назарларыңызға әр аптаның жұма күні жарыққа шығатын "НҰРЛЫ СӨЗ" айдарын ұсынамыз!

<https://www.facebook.com/share/v/szeMq46qa6XCmMC6/?mibextid=xfxF2i>

29 сәуір күні А.Байтұрсынов атындағы № 211 орта мектепте қазақ халқының біртуар ұлы Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдық мерейтойына арналған «Өмір жолы» атты жас мамандар арасында буктрейлер әзірлеу байқауы өтті. Байқау мақсаты:

- Ахмет Байтұрсынұлының өмірі мен шығармашылығын насихаттау;
 - Жас мамандардың шығармашылық потенциалдарын ашып көрсету, жұмыстың дәстүрлі емес жолдарын тауып, жүзеге асыру;
- Буктрейлер - бұл қандайда бір көркем шығарма жайында айтылатын шағын бейне түсірілім.

<https://www.facebook.com/share/p/Jnk7H8JXMWzNKaVq/?mibextid=xfxF2i>

СПОРТ ЖЕТІСТІКТЕРІ:

"Ұлттық ойынымыз тоғызқұмалақты бүгінгі тарих бетінен өшірмей, келер өскелең ұрпаққа жеткізу – біздің басты парызымыз" деп түсінген "Тоғызқұмалақ" үйірмесінің жетекшісі Алтынай Жайшылыққызы көптеген шәкірттер тәрбиелеп, қалалық, облыстық жарыстарда топ жарып келеді. Міне, сол шәкірттерінің бірі талантты Ерасыл. Ерасыл қала, облыстық жарыстарда өзін дәлелдеп жүрген ойыншы. Жақында өткен тоғызқұмалақтан жасөспірімдер арасындағы Қызылорда облысының жекелей чемпионатында "КЛАССИКА" түрінен жүлделі ІІ орынға ие болса, "БЛИЦ" түрінен жүлделі ІІІ орынды иеленді.

Талантты шәкірт Ерасылды және Алтынай Жайшылыққызын жеңістерімен құттықтаймыз!

<https://www.facebook.com/share/p/rjwQ3KWYqbruvREW/?mibextid=xfxF2i>

ҰЛТТЫҚ СПОРТ КҮНІ: Қазақтың ұлттық ойындары – бабаларымыздан қалған асыл қазына.

Ойын әр баланың алдынан өмірдің жарқын сәттерін ашып, жеке қасиеттерімен біте қайнасып, әрі қарай дамуымен ұштасады.

Ұлттық спорт күнінде мектебіміздің шәкірттері де белсенділік танытып, өз үлестерін қосты.

<https://www.facebook.com/share/p/vAAPJe4b6GeMM3y8/?mibextid=xfxF2i>

КШКЕНТАЙ ЧЕМПИОНДАР ТОП ЖАРДЫ!

Қазақ халқының ұлттық ойындарының бірі - ТОҒЫЗҚҰМАЛАҚ. Көненің көзіндей болған бұл ойынның 4 мың жылдық тарихы бар.

Осы орайда, мектебіміздің тоғызқұмалақ үйірмесінің оқушылары "Ұлттық ойындар - рухани байлығымыз" атты дәстүрлі облыстық спартакиадасының қалалық кезеңінде топ жарды! Жетекшісі Алтынай Жайшылыққызы


<https://www.facebook.com/share/p/N3jFowLUJMXmst7T/?mibextid=xfxF2i>

АЙБЫНДЫ АРЛАНЫМЫЗ АРЛЕН "АЙБЫН-2024" ӘСКЕРИ-ПАТРИОТТЫҚ ЖИЫНЫНДА "БАС ЖҮЛДЕ" ИЕЛЕНГЕН КОМАНДА ҚҰРАМЫНДА... Тәуелсіздігіміз бен тұтастығымыздың, тыныштығымыз бен

бейбіт тірлігіміздің қорғаны болар патриот шәкіртімізбен бапкер ұстазы,
жаттықтырушысы ҚОБЛАНОВ БАУЫРЖАН

<https://www.facebook.com/share/p/JWhBAvLcSs8WP1wK/?mibextid=xfxF2i>

ӘРІПТЕСІМІЗ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ТУРНИР ЖЕҢІМПАЗЫ АТАНДЫ

"Пневматикалық винтовкадан ату мен автоматты жартылай бөлшектеп-жинаудан" өзара сайысқа түсті. Сайыста мектебіміздің АӨТД пән мұғалімі Қобланов Бауыржан Құдайбергенұлы автоматты жартылай бөлшектеп-жинаудан жүлделі  орынға ие болды.

Әріптесіміз "ҮЗДІК АӨТД" мұғалімі төс белгілігісімен, сонымен қатар ҚР Қорғаныс министрлігінің дипломымен марапатталды.

<https://www.facebook.com/share/p/Eu85D7YoUfXGW1Hn/?mibextid=xfxF2i>

ТОҒЫЗҚҰМАЛАҚТАН ҚОС ЖҮЛДЕ: "Ұлттық ойынымыз тоғызқұмалақты бүгінгі тарих бетінен өшірмей, келер өскелең ұрпаққа жеткізу – біздің басты парызымыз" деп түсінген "Тоғызқұмалақ" үйірмесінің жетекшісі Алтынай Жайшылыққызы көптеген шәкірттер тәрбиелеп, қалалық, облыстық жарыстарда топ жарып келеді. Ерасыл қала, облыстық жарыстарда өзін дәлелдеп жүрген ойыншы.

Жақында өткен тоғызқұмалақтан жасөспірімдер арасындағы Қызылорда облысының жекелей чемпионатында "КЛАССИКА" түрінен жүлделі II орынға ие болса, "БЛИЦ" түрінен жүлделі III орынды иеленді.

<https://www.facebook.com/share/p/FZsyVtrMmxkxoim4/?mibextid=xfxF2i>

«ІСКЕР АНА» ЖОБАСЫ: ҚАЗАҚ ҚОЛӨНЕР ТУЫНДЫЛАРЫ – ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚ ПЕН ДӘСТҮР ЖАЛҒАСТЫҒЫ

Мектебімізде "Қазақ қолөнер туындылары – ұлттық құндылық пен дәстүр жалғастығы" атты көркем еңбек пәні мұғалімдерінің ұйымдастыруымен қалалық семинар болып өтті.

Семинардың жоспарлы шаралары: Арнайы әзірленген көрме, Тәжірибе алмасу: "Шебер сынып"

«Іскер ана» жобасы бойынша атқарылып жатқан жұмыстар келген қонақтардың назарын аудармай қоймады.

Мектепте республикалық, облыстық байқаулардың жеңімпазы, көркем еңбек пәнінің мұғалімдері Таңатарова Дәрігүл мен Жусупова Ұлдана жетекшілік ететін «ІСКЕР АНА» жобасы 2022-2023 жылдан бастап қарқынды жұмыс жасап келеді. Жоба аясындағы ата-аналармен бірлескен жұмыстар өз нәтижесін беруде.

Талантты қылқалам шебері Азиз Әуезханұлы өзіндік қолтаңбасымен ерекшеленетін, жан дүниесінің бір бөлшегі іспеттес туындыларының қалай жарыққа шыққанын айтып, тәжірибесімен бөлісу арқылы әріптестерінің бейнелеу өнеріне деген ерекше құрметін арттыра білді.

<https://www.facebook.com/share/p/hnUqdFkXHVAQuyV6/?mibextid=xfxF2i>

ДОМБЫРАШЫЛАР ЧЕЛЛЕНДЖІ.

Қос ішекті қара домбыраның үнінде Ұлы даланың тамыры терең тарихы мен сан ғасырлық шежіресі бар.

<https://www.facebook.com/share/p/NLpEJ4MKj1koSPaz/?mibextid=xfxF2i>

«ЭКОЛИФЕ» жобасы :ЭКОЛИФЕ-2024, ТАЗА ӨЛКЕНІ БІРГЕ ЖАСАЙЫҚ!"

<https://www.facebook.com/share/v/PkwXCSXRcYPnCizj/?mibextid=xfxF2i>

ЭКОЛИФЕ-2024: "ТАЗА ҚАЗАҚСТАН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ АКЦИЯСЫН ҚОЛДАЙМЫЗ! Мектеп ұстаздары арасында «ЭКОЛИФЕ-2024» экологиялық фестивалі өткізілді.

Шараға Қалалық білім бөлімінің әдістемелік кабинет жетекшісі Жомарт Құлмағанбетұлы;

Қалалық білім бөлімінің әдіскері Гүлсая Амангелдіқызы арнайы қатысты. Табиғи экошәйдің сан түрі; Таза табиғи кондитерлік экоөнімдер; Еcosneкі Шеберқолдар шеберханасынан экобұйымдар

Экоқойылым, Экопанно Ғажайып джунгли "Қалдықтан жасалынған жаңа өнімдер" жәрмеңкесі

<https://www.facebook.com/share/p/НKEhPEKBUT2G7pZJ/?mibextid=xfxF2i>

БАЛАЛАРДЫҢ ДҰРЫС СӨЙЛЕУ ЖОЛДАРЫН ТҮЗЕТУ -ДАМЫТУ

Қазіргі білім беру мазмұны аясында тиімді оқыту жүйесінде логопед жұмысы маңызды.

Ол ең алдымен балалардың әр түрлі сөйлеу бұзылыстарын уақытылы анықтау, түзету, яғни жалпы өмірге еркін, сәтті баруға бейімделуі үшін керек;

Әрбір баланы мектептегі оқу және әлеуметтік ортаға еркін бейімделе алатындай жағдай жасау аса маңызды;

Балаға әріптерді және санауды үйретумен ғана шектелмей, баланың сөйлеу тілі бұзылысына аса мән беру маңызды.

Осы ретте, ата-аналарға, сөйлеу тілінде бұзылыстары бар балаларымыз үшін мектебіміздегі логопедтік кабинеттің рөлі тиімді және қолжетімді екенін жеткіземіз.

<https://www.facebook.com/share/v/XNd8v5eiTA3XJtJV/?mibextid=xfxF2i>

2022-2023 оқу жылы: Мектептің қабілетті, дарынды оқушылармен жұмыс жоспарлы түрде жүргізілген.

Пән мұғалімдері оқушылары мектепішілік, қалалық, облыстық, республикалық және халықаралық деңгейдегі әртүрлі байқауларға қатысытырып, жүлделі орындарды иеленген. Конкурстар мен жарыстардың қатысушылары мен жеңімпаздарын дайындаған педагогтар туралы мәліметтер;

2023-2024 оқу жылы: Мектептің қабілетті, дарынды оқушылармен жұмыс жоспарлы түрде жүргізілген. Пән мұғалімдері оқушылары мектепішілік, қалалық, облыстық, республикалық және халықаралық деңгейдегі әртүрлі байқауларға қатысытырып, жүлделі орындарды иеленген.

Жылдар	Жалпы білім беретін пәндер бойынша Республикалық ғылыми зерттеу	Жалпы білім беретін негізгі пәндер бойынша Республикалық олимпиада	Республикалық «Зерде» ғылыми жоба байқауы
--------	-----------------------------------------------------------------	--------------------------------------------------------------------	-------------------------------------------

Оқу жылы	жобаларлар конкурсы (9-11 сыныптар бойынша)			6,7-8,9-11 сыныптар бойынша)				(1-7 сыныптар бойынша)		
	Облыстық	Республика	Халықаралық	Қалалық	Облыстық	Республика	Халықаралық	Қалалық	Облыстық	Республика
2022-2023	2	1		17						
2023-2024	4			24	2			4	2	

Оқу жылы	Оқушылар қатысқан әр түрлі байқаулар нәтижесі				Мұғалімдердің кәсіби байқау нәтижелері		
	Қалалық	Облыстық	Республикалық	Халықаралық	Қалалық	Облыстық	Республикалық
2020-2021	78	8	2		2	1	
2021-2022	82	5			5	4	
2022-2023	72	12	3	1	2	1	
2023-2024	112	7	1		2	2	1

Мектеп мұғалімдері шығарған әдістемелік құрал, авторлық бағдарламалар

№	Оқу жылы	Әдістемелік құрал, авторлық бағдарлама жазған мұғалімдер саны
1	2020-2021	15
2	2021-2022	9
3	2022-2023	9
4	2023-2024	8
5	2024-2025	12

Кемінде 3 жылда бір рет басшы кадрлардың, педагогтердің біліктілігін арттыру туралы мәліметтер:

2022-2023 оқу жылы: Мектеп директоры А.Кушкинбаева 2020ж. 23.11- 04.12. "Білім мазмұнын жаңарту жағдайында орта білім бері ұйымдарының менеджменті ". Оқу ісі жөніндегі орынбасарлары А.Абдикеримова 23.09.2022 жылы (80сағат) «Білім берудегі цифрлық трансформациялау жағдайындағы инновациялық менеджмент», А.Ерболатова « Тиімді оқыту» курсы оқыды,

директордың бейінді ісі жөніндегі орынбасары А.Абасилова «Білім берудегі менеджмент» (80 сағат) 22.09.2023ж. тақырыбындағы курстарынан өтіп сертификатталған.

2023-2024 оқу жылы: Басшы кадрлардың біліктілігін арттыру курстары бойынша мектеп директоры А.Алимова 15.06.2023 жылы (430 сағат) «Мектеп басқарудағы инновациялық менеджмент», 23.09.2022 ж.(80 сағат) «Білім берудегі цифрлық трансформациялау жағдайындағы инновациялық менеджмент» курстан өтіп сертификатталған.

Оқу ісі жөніндегі орынбасарлары А.Абдикеримова 23.09.2022 жылы (80сағат) «Білім берудегі цифрлық трансформациялау жағдайындағы инновациялық менеджмент», А.Ерболатова « Тиімді оқыту» курсы 2021ж. 12.10-07.12. оқыды, директордың бейінді ісі жөніндегі орынбасары А.Абасилова «Білім берудегі менеджмент» (80 сағат) 22.09.2023ж. тақырыбындағы курстарынан өтіп сертификатталған.

Оқу жылы	Басшы кадрлар саны	Курстан өткені саны
2022-2023	6	3
2023-2024		2
2024-2025		9

Жалпы алғанда 6 басшы кадрдың 5еуі, яғни 83,3%-ы біліктілік арттыру курсынан өткен.

Педагог кадрлардың бейін бойынша пәндік білім беру курстарынан өтуі туралы 2022-2023 оқу жылында барлығы 91 педагог, оның ішінде 84 мұғалім. 2023-2024 оқу жылында барлығы 87 педагог, оның 80 мұғалімі бейін бойынша біліктілікті арттыру курстарынан өткен. /Педагог-психолог, дефектолог-логопед, тәлімгер, кітапханашы, әлеуметтік педагог/ қоса есептелді..

Бейін бойынша басшы кадрлар мен педагогтардың біліктілігін арттыру мәліметтері.

Инклюзивті білім беру курстары бойынша 2022-2023 оқу жылында 11 мұғалім, 2023-20234 оқу жылында 22 мұғалім білім жетілдіру курстарынан өтіп, инклюзивті білім беру курстары бойынша сертификатталған.

Оқу жылы	Барлық педагогтар	Бейін бойынша біліктілікті арттыру курстарынан өткендер	Инклюзивті білім беру курстарынан өткендер
2022-2023	91	61	2019-20 жылы- 26 2021 жылы-21 2022жылы -11
2023-2024	87	17	22
2024-2025	81	3	3

Жалпы мектепте деңгейлік курстарға байланысты «Мұғалім тәжірибесіндегі зерттеу», «Мектеп тренері» курстарынан 2 мұғалім, «Кәсіби

қоғамдастықтағы мұғалім көшбасшылығы» бағдарламасынан 2 мұғалім, «Тиімді оқыту және оқу» бағдарламасы курсынан 1 мұғалім, III базалық білім бойынша 7 мұғалім білім жетілдіру курстарын оқып сертификатталған. Сонымен қатар, орта білім беру мазмұнын жаңарту шеңберінде критериалды бағалау жүйесін енгізу бойынша өңірлік және мектеп үйлестірушілік бастауыш білім беру жағдайында 4К моделін жүзеге асыруда психологиялық-педагогикалық жағдай жасау -3 мұғалім; PISA халықаралық зерттеуі аясында оқушылардың математикалық сауаттылығын дамыту -1; «Мектептегі математика сабағы: басымдықтар мен жетілдіру стратегиялары» -2; Цифрлық құзырлық дамыту 1;

«Мектептегі тарих сабағы: басымдықтар және жетілдіру стратегиялары -1; Мектептегі география сабағы: басымдықтар және жетілдіру стратегиялары- 1; «Дизайн және көркемдік модельдеу саласында мұғалімдердің кәсіби құзреттілігін дамыту» -1; "Алғашқы әскери және технологиялық дайындық педагог-ұйымдастырушыларының пәндік құзіреттіліктерін дамыту- 1; «Жаһандық құзреттіліктері»- 1; «Ата-аналарды психологиялық-педагогикалық ағартудың ғылыми әдістемелік негіздері»-2; «Жазбаша сөйлеу тілі бұзылыстарын түзетудің заманауи технологиялары» ҰҒПО -1мұғалім оқып сертафикатталған.

Қазіргі уақытты жұмыс жасап отырған 80 педагогтың (кемінде үш жылда бір рет) 75-і, яғни 95,1%-ы білім жетілдіру курстарынан өткен. Біліктілік санатының деңгейін кемінде 3 жылда бір реттен сиретпей арттырған басшы кадрлардың, педагогтердің үлесі – 62,5%

3. Білім алушылар контингенті

Білім алушылар контингентінің сандық құрамы деңгейі бойынша, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылар контингенті туралы мәліметтер

2022–2023 оқу жылы бойынша:

Үйден білім алатын оқушылар -9

Арнайы (жеңілдетілген) бағдарламамен-1

Жалпы бағдарламамен-7

Ерекше білім беруді қажет ететін оқушылар - **19** (мектеп партасында отырғаны)

Бейімделген оқу бағдарламасы-

Жалпы оқу бағдарламасы-

2023–2024 оқу жылы бойынша:

Үйден білім алатын оқушылар -8

Арнайы (жеңілдетілген) бағдарламамен-1

Жалпы бағдарламамен-7

Ерекше білім беруді қажет ететін оқушылар - **19** (мектеп партасында отырғаны)

Бейімделген оқу бағдарламасы-6

Жалпы оқу бағдарламасы-5

2024–2025 оқу жылы бойынша:

Үйден білім алатын оқушылар -6

Арнайы (жеңілдетілген) бағдарламамен-1

Жалпы бағдарламамен-5

Ерекше білім беруді қажет ететін оқушылар – 11

(мектеп партасында отырғаны)-11

Бейімделген оқу бағдарламасы-8

Жалпы оқу бағдарламасы-1

Жеке оқу бағдарламасы-2

-сыныптардың толықтығы туралы мәліметтер

2022-2023 оқу жылында 1-4 сыныптарда 13 сынып комплектіде - 330 оқушы,

5-9 сыныптарда 17 сынып комплектіде - 413 оқушы,

10-11 сыныптарда 4 сынып комплектіде - 85 оқушы, барлығы

828 оқушы қамтылған.

р/с	Сыныптар	Сыныптар жиынтығы	Оқушы саны	Сыныптардың толымдылығы
1	1-сынып	3	74	24.7
2	2-сынып	3	80	26.7
3	3-сынып	3	76	25.3
4	4-сынып	4	100	25
		13	330	25.4
5	5-сынып	3	76	25.3
6	6-сынып	3	79	26.3
7	7-сынып	3	79	26.3
8	8-сынып	4	90	22.5
9	9-сынып	4	89	22.3
		17	413	24.29
10	10-сынып	2	46	23
11	11-сынып	2	39	19.5
		4	85	21.25
	Барлығы	34	828	24,35

2023-2024 оқу жылында I тоқсан бойынша:

1-4 сыныптарда 12 сынып комплектіде -290 оқушы,

5-9 сыныптарда 17 сынып комплектіде -407 оқушы,

10-11 сыныптарда 4 сынып комплектіде -96 оқушы,

барлығы 789 оқушы қамтылған.

р/с	Сыныптар	Сыныптар жиынтығы	Оқушы саны	Сыныптардың толымдылығы
1	1-сынып	3	71	23.7
2	2-сынып	3	67	22.3
3	3-сынып	3	78	29
4	4-сынып	3	74	24.7
	1-4 сыныптар	12	290	24.16
5	5-сынып	4	96	24
6	6-сынып	3	78	29
7	7-сынып	3	70	23.3
8	8-сынып	3	74	24.7
9	9-сынып	4	89	22.25
	5-9 сыныптар	17	407	24
10	10-сынып	2	50	25
11	11-сынып	2	42	21
	10-11 сыныптар	4	92	23
	Барлығы	33	789	24

2024-2025 оқу жылында 1-4 сыныптарда 12 сынып комплектінде 305 оқушы, 5-9 сыныптарда 16 сынып комплектінде 387 оқушы, 10-11 сыныптарда 4 сынып комплектінде 105 оқушы, барлығы 797 оқушы қамтылған.

10-11

р/с	Сыныптар	Сыныптар жиынтығы	Оқушы саны	Сыныптардың толымдылығы
1	1-сынып	3	77	25,7
2	2-сынып	3	73	24,3
3	3-сынып	3	72	24
4	4-сынып	3	83	27,6
	1-4 сыныптар	12	305	25,41
5	5-сынып	3	72	24
6	6-сынып	4	98	24,5
7	7-сынып	3	74	24,7
8	8-сынып	3	67	22,3
9	9-сынып	3	76	25,3
	5-9 сыныптар	16	387	24,2
10	10-сынып	2	60	30
11	11-сынып	2	45	22,5

	10-11 сыныптар	4	105	26,2
	Барлығы	32	797	25

Білім алушылар контингентінің қозғалысы туралы мәліметтер
Оқушылардың келген-кеткен анықтамалары тоқсан бойынша ретімен жинақталған, келген-кеткен оқушыларды тіркеу дәптері жүргізілген, бұйрық уақытылы шығарылған. Алфавиттік кітапқа енгізілген.

2022-2023 оқу жылы бойынша оқушылар қозғалысы:

Оқу тоқсаны	Оқушы саны	Кеткен оқушылар	Келген оқушылар	Тоқсан соңындағы оқушылар
I тоқсан	828	7	6	827
II тоқсан	827	19	13	821
III тоқсан	821	15	6	812
IV тоқсан	812	4	3	811
Жаздық	811	136	43	789

2023-2024 оқу жылы бойынша оқушылар қозғалысы:

Оқу тоқсаны	Оқушы саны	Кеткен оқушылар	Келген оқушылар	Тоқсан соңындағы оқушылар
I тоқсан	789	23	17	783
II тоқсан	783	8	11	786
III тоқсан	786	12	12	786
IV тоқсан	786	4	6	788
Жаздық	788	116	124	796

4. Оқу - әдістемелік жұмыс

Оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып, білім беру мазмұнына өлшемшарттар:

- білім беру ұйымның басшысы бекіткен оқу жұмыс жоспарының, сабақ кестелерінің, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарының және бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілі оқу жоспарларының болуы және оларға сәйкестігі;

2022–2023, 2023-2024 оқу жылдарында мектептің оқу жоспарлары ҚР БҒМ-нің 08.11.2012 жылғы №500 бұйрығымен бекітілген бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларына (бұдан әрі – ЖББ ҮОЖ) және МЖМБС талаптарына сәйкес жасалған., 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдарында 5 күнге сабақ кестелері жасалап,

бекітілген. Инвариантты және вариативтік компоненттер бойынша сабақ беріліп, жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкес оқу жүктемелері бөлінген.

Трафикация бойынша:

2022-2023 оқу жылының қыркүйек айында 1236,5 сағат, оның ішінде үйденоқытуға -124,5 сағат,

2022-2023 оқу жылының қаңтар айында 1236,5 сағат, оның ішінде үйден оқытуға -124,5 сағат,

2023-2024 оқу жылында 1160 сағат, оның ішінде үйден оқытуға 74 сағат бөлінген.

2023-2024 оқу жылында қаңтарда 1165 сағат, оның ішінде үйден оқытуға 74 сағат бөлінген.

2022-2023 оқу жылында бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілі оқу жоспарлары:

1-4 сыныптар	5-9 сыныптар	10-11 сыныптар
08.11.2012ж №500б/на1-қ/ша, 12.08.2022ж № 365 б/на1-қ/ша	08.11.2012ж №500б/на 6- қ/ша, 12.08.2022ж № 365 б/на6-қ/ша	08.11.2012ж №500б/на 8б-қ/ша, 12.08.2022ж № 365 б/на8б-қ/ша

2023-2024 оқу жылында бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілі оқу жоспарлары:

1-4 сыныптар	5-9 сыныптар	10-11 сыныптар
№500 б/на 11-қ/ша 18.08.2023ж № 264 б/на	№500 б/на 16- қ/ша 18.08.2023ж № 412 б/на	№500 б/на 22-қ/ша 18.08.2023ж № 264 б/на

2024-2025 оқу жылында бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілі оқу жоспарлары:

1-4 сыныптар	5-9 сыныптар	10-11 сыныптар
№500 б/на 11-қ/ша 08.02.2024 №27 б/на б-қосымша	№500 б/на 16- қ/ша 18.08.2023ж № 412 б/на	№500 б/на 22-қ/ша 18.08.2023ж № 264 б/на

Үлгілі оқу жоспарларына сәйкес әр жылдарындағы орта мектеп сағаттарының бөлінуі, сабақ кестелері сайтқа орналастырылды

Мектептің оқу жұмыс жоспары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500

бұйрығымен бекітілген бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарлары мен МЖМБС талаптарына сәйкес жасалған.

- жалпы білім беретін пәндер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырылатын оқу пәндерінің базалық мазмұнын игеру;

2022-2023 оқу жылында 1-11 сынып аралығында 34 сынып жинағы бекітілген. Оқу бағдарламаларының базалық мазмұны ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартын, ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығын (2022 жылдың 30 қыркүйектегі №412 бұйрығы) ҚР Білім және ғылым министрінің «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндер, таңдау курстары мен факультативтер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» 2013 жылғы 3 сәуірдегі №115 бұйрығына (толықтырулар мен өзгерістер ескерілген) сәйкес жасалып бекітілген.

1-сынып оқушыларының дайындық деңгейіне қойылатын талаптар ескерілген. 2-сыныпта 79 оқушының 17-і үздік, 27-сі оқу екпіндісі, 3- сыныпта 73 оқушының 19-і үздік, 28-і оқу екпіндісі, 4-сыныпта 99 оқушының 19-і үздік, 43 -сы оқу екпіндісі, 2-4 сыныптар бойынша барлық үздік оқушы-55, екпінді-98 оқушы, білім сапасы 60,96%, үлгерім 100%.

5-сыныпта 78 оқушының 14-і үздік, 39-і оқу екпіндісі,

6-сыныпта 79 оқушының 16-сы үздік, 38-і оқу екпіндісі,

7- сыныпта 76 оқушының 6-ы үздік, 26-ы оқу екпіндісі,

8-ші сыныпта 90 оқушының 10-сы үздік, 18-і оқу екпіндісі,

9-шы сыныпта 88 оқушының 16-ы үздік, 32-і оқу екпіндісі,

5-9 сыныптарда 411 оқушының 62-сы үздік, 153-сы екпіндіге аяқтап, білім сапасы 52.31%, үлгерім 100% болды. 10-сыныпта 44 оқушының 2-ы үздік, 11-сі екпінді, 11-сыныпта 38 оқушының 1-і үздік, 15- і екпіндіге аяқтады.

10-11 сыныптар бойынша білім сапасы 42.11%.

2022-2023 оқу жылында 2-11 сынып аралығында 744 оқушының 120-сі үздік, 277-і екпінді, білім сапасы 53.36% , үлгерім 100% болды.

Әрбір тоқсанның соңында педагогикалық кеңесте білім алушылардың оқу-үлгерім деңгейі мен сыныптар бойынша өсу, кему өзгерістері талқыланып отырған. Оқу жоспарындағы пәндер бойынша оқу жұмыс бағдарламалары бар, бекітілген. Үлгілік оқу

бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырылатын оқу пәндерінің, оқу курстарының базалық мазмұны талапқа сай игертілген.

1-сынып оқушыларының дайындық деңгейіне қойылатын талаптар ескерілген.

2-сыныпта 72 оқушының 26-і үздік, 28-сі оқу екпіндісі,

3- сыныпта 80 оқушының 19-і үздік, 34-і оқу екпіндісі,

4-сыныпта 74 оқушының 16-і үздік, 34 -сы оқу екпіндісі, **2-4 сыныптар бойынша барлық оқушы-226 үздік оқушы-61, екпінді-96 оқушы, білім сапасы 69.47%, үлгерім 100%.**

5-сыныпта 98 оқушының 20-і үздік, 40-і оқу екпіндісі,

6-сыныпта 76 оқушының 12-сы үздік, 35-і оқу екпіндісі,

7- сыныпта 70 оқушының 14-ы үздік, 24-ы оқу екпіндісі,

8-ші сыныпта 73 оқушының 12-сы үздік, 31-і оқу екпіндісі,

9-шы сыныпта 86 оқушының 12-ы үздік, 34-і оқу екпіндісі, **5-9 сыныптарда 403 оқушының 70-сы үздік, 164-сы екпіндіге аяқтап, білім сапасы 58,06%, үлгерім 100% болды.**

10-сыныпта 46 оқушының 11-ы үздік, 18-сі екпінді,

11-сыныпта 40 оқушының 4-і үздік, 20- ы екпіндіге аяқтады. **10-11 сыныптар бойынша білім сапасы 61,63%.**

2023-2024 оқу жылында 2-11 сынып аралығында 715 оқушының 146-сі үздік, 298-і екпінді, білім сапасы 62,1% , үлгерім 100% болды.

2024-2025 оқу жылында 1-11 сынып аралығында 32 сынып жинағы бекітілген. Оқу бағдарламаларының базалық мазмұны ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартын, 23.09.2022 жылғы №406 бұйрығымен енгізілген өзгерістермен, ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығын ҚР Білім және ғылым министрінің «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндер, таңдау курстары мен факультативтер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» 2022 жылғы 16 қыркүйектегі №399 бұйрығына сәйкес жасалып бекітілген

Білім алушылардың субъективті жаңа білімді меңгеруі мен таным мәселелерін шешуге ұлттық дәстүрлерді, мәдениетті зерделеуге және жалпыадамзаттық құндылықтарды сіңіруге бағытталған тәрбие жұмысын іске асыру; Білім алушылардың рухани-патриоттық, көркемдік -эстетикалық, еңбек және дене тәрбиесін іске асыруды қамтамасыз ететін сабақтан тыс қызметтің әртүрлі нысандарын ұйымдастыру;

Тәрбие жұмысының мақсаты: Тәрбие жұмысында тәрбиенің жаңа әдіс-тәсілдерін қолдану арқылы өзін-өзі тани алатын, өзін-өзі басқара алатын, интеллектуалды дамыған адамгершілігі мол, мәдениетті, отансүйгіш тұлға тәрбиелеу. Жылдық жоспарға сынып жетекшілері, оқушылар, әлеуметтік педагог, педагог-психологтар, ата-аналар, қоғамдық ұйымдармен бірлесіп атқаратын жұмыстардың мазмұны енгізілген.

Мектептегі тәрбие жұмысын жоспарлауда Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкес оқу-тәрбие жүйесі білім берудің барлық деңгейлерінде бірыңғай идеологиялық және құндылықтар тәсілдеріне құрылады.

Тәрбие жұмыстары барлық ынталы тараптар: отбасы, білім беру ұйымдары, қоғамның кең ауқымда қатысуымен кешенді түрде жүргізілді.

2022-2023 оқу жылында тәрбие жұмысын жүргізудің 8 бағытын басшылыққа ала отырып тәрбиелік шаралардың мазмұнын жетілдіру және сапасын арттырудың негізінде жасалып, тәрбиенің 8 бағыты бойынша жұмыстар атқарылды.

Бағыттарды басшылыққа ала отырып мектептегі тәрбие жұмысының жылдық жұмыс жоспары жасалды. Тәрбие жұмысының мазмұны, түрлері мен әдістемелері; педагогикалық кеңесте, алдын алу кеңесінде, сынып жетекшілер кеңесінде, ата-аналар комитеті отырысында тәрбие жұмысының мәселесін карау, тәрбие жұмысының нәтижелігін қарастыру.

Мектептегі 34 сыныпқа мектеп директорының бұйрығымен сынып жетекшілер бекітілді. Оқу жылының басынан бері сынып жетекшілердің 4 отырысы өткізілді. Жас сынып жетекшілерге әдістемелік көмектер көрсетілді. 2022-2023 оқу жылының басында сынып жетекшілермен пікірлесе отырып сыныптардағы тұрмысы төмен, аз қамтамасыз етілген отбасы баларының есебі алынды.

Мектептегі аз қамтамасыз етілген отбасындағы бала саны – 165. Жалпыға бірдей міндетті білім қорынан қаралған қаржы есебінен аз қамтылған отбасыларының баласына және барлық 1-4 сынып оқушылары күндігіне бір мезгіл тегін ыстық тамақ ұйымдастырылды.

Оқу жылының басындағы қыстық киімдер мен спорттық киім және оқу құралдарымен қамтамасыз етілген. 165 оқушы қаржылай көмек алды. «Рухани адамгершілік» бағытын іске асыру бойынша «Мектепке жол» акциясы ұйымдастырылып 35 оқушыға сумка мен оқу құрал- жабдықтары үлестірілді.

«Сыбайлас жемқорлықтың алдын-алу» бағытында «Адал ұрпақ» клубы жұмыс жасайды, оқу жылында «Сыбайлас жемқорлыққа жол жоқ», «Адал ұрпақ- болашақ кепілі», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсымыз»

		балал ары		н бала саны		бала саны	бала саны	бала саны	
2022-2023	828	160	197	10	21	11	-	252	77
2023-2024	789	107	172	11	19	15	-	267	51
2024-2025	797	190	126	10	17	14	2	247	63

Мектеп оқушыларының ыстық тамақпен қамтамасыз етілуі:

2022-2023 оқу жылында әлеуметтік жағдайы төмен 165 бала ыстық тамақ ішеді. Асхана талапқа сай. Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы» заңының 4 бабының 21 тармақшасы және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы қаңтардағы №64 қаулысын басшылыққа ала отырып, 1-11 сыныптар бойынша әр түрлі санаттағы жетім, көп балалы және тұрмысы төмен отбасы балаларының тізімі нақтыланып, дәлелді құжаттары жинақталған, ыстық тамақпен қамтамасыз ету жұмыстары жүргізілді. Мектеп сыныптарының әлеуметтік паспорты жасалынып, 34 сыныптан жиналды.

Әлеуметтік педагогтың функционалдық міндеті бір жолға қойылды. Әлеуметтік педагогтың картотекасы: жасалды. Оқушының әлеуметтік картасы 34 сыныпқа жасалып, оқушының тұрмыстық жағдайын тексеру актісі зерттелді. Оқушының отбасына мінездеме жазылған. Оқушының педагогикалық - психологиялық мінездемесі психологпен бірлесіп жасалған.

Әлеуметтік педагогтың есеп беру журналы жазылып отыр. Әдістемелік нұсқаулар,

ата – аналар үшін жаднамалар ақпарат тақтасына ілінді.

Сынып жетекшіге баланың өміріндегі әлеуметтік проблемаларды, тұлғааралық қатынастағы кикілжіңді шешуге арналған әдістемелік нұсқаулықтар жасалынды.

Ата – аналар мен балаларға арналған олардың проблемасын шешуге құзырлы қалалық мекемелер мен ұйымдар бойынша анықтамалық ақпарат беріліп отырады.

Сынып жетекшілер бірлестігінің жұмысының бар болуы және тиімділігі:

Сыныптарға сынып жетекшілерді бекіту әр жылғы педагогикалық кеңесте қаралып, бұйрықтар шығарылған. Бірлестіктің әр жылғы жұмыс жоспарлары бар, бекітілген, бірлестік 4 рет отырыстарын өткізіп, хаттамалары жасалынды. Әр сынып жетекшілерінің жылдық жұмыс жоспары бекітілген.

Сынып жетекшілерінің партфолиосы жасақталған. Мектеп бойынша 34 сынып комплектісі бар.

2022-2023 оқу жылындағы оқушы қозғалысы бойынша мектепте 828 оқушы білім алды. 1-4 сыныптарда 13 сынып комплектінде 330 оқушы, 5-9 сыныптарда 17 сынып комплектінде 413 оқушы, 10-11 сыныптарда 4 сынып комплектінде 85 оқушы білім алды. Сынып бұрыштары жасалып, бекітілген. Наркопост бұрышы ұйымдастырылған.

2023-2024 оқу жылындағы оқушы қозғалысы бойынша мектепте 789 оқушы білім алды. 1-4 сыныптарда 12 сынып комплектінде 290 оқушы, 5-9 сыныптарда 17 сынып комплектінде 407 оқушы, 10-11 сыныптарда 4 сынып комплектінде 92 оқушы білім алды. Сынып бұрыштары жасалып, бекітілген. Наркопост бұрышы ұйымдастырылған.

2024-2025 оқу жылындағы оқушы қозғалысы бойынша мектепте 796 оқушы білім алды. 1-4 сыныптарда 13 сынып комплектінде 307 оқушы, 5-9 сыныптарда 17 сынып комплектінде 387 оқушы, 10-11 сыныптарда 4 сынып комплектінде 102 оқушы білім алды. Сынып бұрыштары жасалып, бекітілген. Наркопост бұрышы ұйымдастырылған.

Республикалық, жергілікті оқушылар ұйымдарының қызметіне оқушылардың қатысуы; олимпиадаларды, жобаларды, сайыстарды, акцияларды, фестивалдарды, спорттық сайыстарды ұйымдастыруы және оларға қатысуы;

Жалпы мектеп ұжымы оқушылардың сыныптан тыс жұмыстарға және спорттық сайыстарға қатысуын тиімді ұйымдастыра біледі.

Жүлделі орындар:

